



ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ      КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ      AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY

# ХАБАРШЫ

ШЫҒЫСТАНУ СЕРИЯСЫ

# ВЕСТНИК

СЕРИЯ ВОСТОКОВЕДЕНИЯ

# BULLETIN

ORIENTAL SERIES

2(59) 2012

## Қазақ тілі мен корей тіліндегі етістіктің болымды және болымсыз түрлерінің салыстырмалы сипаттамасы мен аудару тәсілдері

Г.Қ. Шатекова

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

**Түйін.** Мақалада қазақ тілі мен корей тілінің болымды және болымсыз етістіктерін салыстыру мәселелеріне сараптама берілген. Сонымен қатар, олардың ерекшеліктері мен ұқсастықтары, аударылу тәсілдері қарастырылған.

Корей тілі мен қазақ тіліндегі етістіктерді салыстыра зерттеу корей тілінің алтай тілдер тобына жататындығы туралы мәселені қарастыруға мүмкіндік береді. Алтай тілдерінің туыстығы мен типология мәселелерін қарастыру өте маңызды болып саналады. Себебі корей тілінің алтай тілдер тобына жататындығы жақында ғана анықталған болатын. Осыған байланысты корей тілінің элементтерін алтай тілдер тобына жататын басқа тілдермен, мысалы, қазақ тілімен нақтырақ салыстыру қажет. Корей тілі мен қазақ тілінің жекелеген құрылымдық элементтері мен грамматикалық категорияларын, соның ішінде етістіктерді салыстыра зерттеудің үлкен ғылыми маңызы бар. Екіншіден, корей тілі мен қазақ тілінің етістіктерін салыстыру және салғастыру арқылы ұқсастықтар мен ерекшеліктер анықталады. Мұның ауызша немесе жазбаша аудармадағы маңызы зор болып табылады.

Болымды немесе, оның керісінше, болымсыз мағыналарында айтылу – барлық сөз табына дерлік ортақ категория. *Бала* мен *бала емес*, *ақ* пен *ақ емес*, *екеу* мен *екеу емес*, т.б. осы тәрізділер, сондай-ақ *саясат-бисаясат*, *қам-бейқам*, *шара-шарасыз*, тағы басқалар бұл категорияның есім сөздер аясындағы көріністерінен саналады. Болымды және болымсыз түрлерін салыстыра беріп отырған бұл тәрізді мысалдарды етістіктер тұрғысынан да келтіруге болады.

Ешқандай формалық өзгеріске түспеген етістік түбірлері, былайша айтқанда, бұйрық райдың екінші жақ анайы (*баршы*, *барсайшы* дегендерден басқа) болатын және болуға тиіс реальды іс-әрекет есепті қолданылады. Оларға: а) *іш*, *же*, *бар*, *отыр* деген негізгі түбірлер; ә)

*айналдыр*, *ірілет*, *аудар* тәрізді етіс тұлғалары; б) басқа сөз таптарынан жасалған: *жаңар*, *кеңей*, *қана*, *бір-бірле*, *кешік*, т.б. жатады.

Болымды мағынадағы бұл етістіктер одан әрі түрлі грамматикалық тұлғаларға ие болып, сөйлем ішінде өзінің реальды мәнінде көрінеді [1, 116].

Қазақ тілінде істің болмағанын және болмайтынын білдіретін жағдайда етістік түбірлеріне үндестік заңына сәйкес *-ма*, *-ме*, *-ба*, *-бе*, *-па*, *-пе* аффикстерінің бірі қосылып айтылады. Мысалы, *іш-не* – *마시지/ 마*, *же-не* – *먹지/ 마*, *аудар-ма* – *통역하지/ 마*, *кешік-не* – *늦지/ 마*.

Болымсыздық *-ма*|-*ме* аффиксі қосылған бұл етістіктер де түбір тұлға тобына жатады. Өйткені болымды етістіктер тәрізді етістіктің болымсыз түрлері де өздерінің одан арғы қолданылуында рай, жақ, есімше және көсемше категорияларының аффикстері *-ма*|-*ме* форманттарынан соң ғана қосылып айтылатын заңдылықпен түрленеді.

оқы:	оқы-ма:
оқы-ған	оқы-ма-ған
оқы-дым	оқы-ма-дым
оқы-п (еді)	оқы-ма-п (еді)
оқы-й-сыз	оқы-ма-й-сыз
оқы-ғалы	оқы-ма-ғалы
оқы-у (оқу)	оқы-ма-у
оқы-са	оқы-ма-са

Басты ерекшеліктерінің бірі, ол болымсыздық *-ма*|-*ме* аффиксі күрделі етістікке, яғни аналитикалық тіркестерге *бара қоймады*, *бере салмай*, *айтып жібермегенде*, т.б., сондай-ақ *көргім келмеді*, *көргісі келмей*, *көргіңіз келмесе*

тәрізді қалау райда болымсыздық аффикстері негізгі мағыналы етістікке емес, көмекші компоненттерге қосылып қолданылады. Бұлар етістікке тән болымсыздық мағынаның *-ma|-me*, *(-ba|-be, -na|-ne)* деген аффикс арқылы, былайша айтқанда, морфологиялық (синтетикалық) әдіспен берілу заңдылығына жатады [1, 167].

Корей тілінде болымсыз етістік деген атау болмағанмен болымсыздық заңдылығы бар. Бұл болымсыздық үстеуі немесе көмекші сөздері қазақ тілі сияқты зат есіммен де, сын есіммен де, етістікпен де қосылып болымсыздық мағына береді.

부정법이란 부정을 나타내는 말이 쓰여서 내용 전체 또는 일부를 부정하는 문장을 만드는 방법을 말한다. 부정문은 일반적으로 긍정문을 이루는 문장성분들의 순서를 그대로 둔 채, 서술어 앞에 부정의 뜻을 나타내는 부사 "아니/안"이나 "못"을 쓰거나, 서술어 뒤에 부정을 나타내는 표현 "-지 아니하다/않다", "-지 못하다", "-지 않다"를 쓰거나 문장의 서술어로 부정의 뜻을 나타내는 "아니다"를 써서 만든다. 즉 이러한 말들을 붙여 부정문을 만드는 방법을 부정법이라고 한다. Мысалы, *존은 숙제를 안 했어요?* – (*Джон үй жұмысын жасаған жасамады ма?*), *민수는 어제 회의에 가지 못했어요.* – (*Минсу кеше жиналысқа бара алмады*), *철수가 사과를 먹지 않는다.* – (*Чхольсу алма жемейді*) [3, 233].

Қазақ тілінде де, корей тілінде де болымсыздық аффикстерінің қолдану тәсілдерінің заңдылығы ұқсас. Мысалы, *나는 내일 학교에 가지 않는다.* – (*Мен ертең мектепке бармаймын*). *그렇게 약하게 물을 때면 물이 끓지 않는다.* – (*Осылайша отты әлсіз ғып жақсаң су қайнамайды*).

Екі тілде де болымсыздық аффиксі етістіктің түбіріне жалғанып, сөйлемде баяндауыш қызметін атқарып тұр. Алайда қазақ тілінен ерекшелігі корей тілінде болымсыздық аффиксі баяндауыш қызметін атқаратын етістіктен бұрын да келе береді.

а) 아직 집에 들어가지 않았다. – 아직 집에 안 들어갔다. (Әлі үйге кірмедім. Немесе әлі үйіне кірмедім).

ә) 고기가 연하지 않다. – 고기가 안 연하다. (Ет жұмсақ емес).

б) 여기서는 관악산이 보이지 않다. – 여기서는 관악산이 안 보인다. (Бұл жерден Гуанак тауы көрінбейді).

а), ә), б)-да көрсетілген мысалдарда корей тілінің болымсыздық аффиксі баяндауыштың алдында да, артында да келе береді. Бірақ қазақ тіліндегі аудармада көрсетілгендей мағынасы бір.

Корей тілінде осылайша болымсыздық аффиксінің баяндауыштың алдында не соңында келуіне сәйкес болымсыздық екі түрге «ұзын болымсыздық заңдылығы» – «긴 부정법» немесе «қысқа болымсыздық заңдылығы» – «짧은 부정법» болып бөлінеді.

«안» 과 «못» 부정법은 주로 서술문과 (хабарлы) 의문문 (сұраулы)에서 사용한다, «말다» 부정법은 명령문 (бұйрықты) 청유문 (ұсыныс/өтініш)에서만 사용된다.

«긴 부정법» 과 «짧은 부정법»

«긴 부정법»이란 부정소 «아니» 나 «못»이 본용언의 어간에 (негіз) 어미 «-지»가 결합된 형태 뒤에 놓여 문장을 부정하는 것이다. 바꾸어 말하면, 서술어로 기능을 하는 본용언의 어간에 어미 «-지» 를 붙이고, 그 뒤에 부정 보조 용언인 «아니하다» 나 불능 보조 용언인 «못하다» 를 연결하여 문장을 부정하는 것이다. 이것을 «장형 부정법» 이라고도 한다.

«짧은 부정법» 이란 부정소 «아니» 나 «못»이 서술어 바로 앞에 놓여 문장을 부정하는 것이다. 이것을 단형 이라고도 한다. «짧은 부정법» 은 «긴 부정법» 보다 더욱 강한 부정의 의미를 나타내고, 실현상에 «긴 부정법» 보다 더 많은 제약을 (шектеу) 받는다 [5, 298-299].

Алайда «안» болымсыздық үстеуі кез келген етістікпен үйлесіп, алдында келе бермейді. Мысалы:

a) 나는 신촌으로 안 이사했다. (x)

ә) 나는 신촌으로 이사하지 않았다. (o)  
(Мен Шинчонға көшкен жоқпын).

б) 마이클이 그 일을 안 마무리 지었다. (x)

в) 마이클이 그 일을 마무리 짓지 않았다.  
(o) (Майкл бұл жұмысты аяқтаған жоқ).

일반적으로 파생어와 합성어가 서술어로 쓰인 문장은 (a,b)에서 볼 수 있는 것처럼 긴 부정문은 가능하지만 (a,b)에서처럼 짧은 부정문은 불가능하다. 이와 같이 짧은 부정문을 허용하지 않는 동사의 목록은 다음과 같다: 공부하다, 연구하다, 운동하다, 출발하다, 노래하다, 추천하다, 빛나가다, 짓밟다, 재빠르다, 기웃거리다, 가다듬다, 다다르다, 앞서다 등.

그런데 돌아가다, 들어가다, 내려오다, 잡아먹다, 전하다, 상하다, 독하다, 연하다, 들리다, 보이다, 웃기다, 맞추다, 높이다 같은 동사나 형용사들은 짧은 부정문의 서술어가 될 수 있다: 아직 집에 안 들어갔다. 고기가 안 연하다. 서울 시내가 안 보인다 [3, 240].

Корей тілінде болымсыздықты білдіретін «못» үстеуі бар. Бұл үстеу баяндауыштан бұрын да, кейін де келіп қазақша «істей алмау», яғни бір әрекеттің жүзеге асуы мүмкін болмаған жағдайда қолданады. Мысалы, *이젠 더 이상 못 견뎌어요.* – Енді бұдан артық жүре алмаймын. *비가 와서 못 가요.* – Жаңбыр жауғандықтан бара алмаймын. *아버지께서는 회사에 출근하지 못하셨다.* – Әкем жұмысқа шыға алмады.

한편으로 "못"이 "금지"의 뜻을 지닌다.

a. 그러면 못 쓴다. (그러면 아무데도 쓸 수 없으니 하지 마라)

b. 너는 못 가. (너는 갈 수 없으니 움직이지 마라) [7, 965].

Келесі «말다» болымсыздық үстеуі бұйрықты сөйлемде, ұсыныс немесе өтініште қолданылады. Тек етістіктен кейін келеді. Мысалы, *서울로 이사하지 마라* – Сеулға көшпеші (өтініш). *Немесе Сеулға көшпе (бұйрық). 우리 한국어를 공부하지 말자.* – Біз корей тілін оқымай-ақ қояйық (ұсыныс) [3, 248].

Корей тілінде болымсыздықты білдіретін грамматикалық конструкциялар бар. Олар – (으)리 줄 모르다 (жасай/істей білмеу) және – (으)리 수 없다 (жасай/істей алмау). Мысалы, *저 여자가 한자어를 읽을 줄 모른다.* – Анау қыз бала иероглифті оқуды білмейді. *나는 이 문장을 번역할 수 없다.* – Мен мына сөйлемді аударма алмаймын.

Корей тілінде болымсыздықты білдіретін префикстер бар. Олар:

무: 무감각, 무신경, 무정, 무한, 무질서, 무분별, 무면허, 무작정, 무값,

무식, 무지, 무심, 무능, 무시, 무순, 무강, 무책, 무학, 무등, 무전

불/부: 불공정, 불안정, 불간섭, 불법, 불성실, 부도덕, 부자유, 불신, 불평,

불안, 불손, 불순, 불구, 부정, 부당, 부단

비: 비공식, 비공개, 비양심, 비인간, 비애국, 비경제, 비무장, 비금속, 비상,

비정, 비운, 비명, 비속, 비세, 비번, 비문, 비류, 비례

물: 물상식, 물엿치, 물지각, 물비판, 물가치, 물경계, 물경위, 물교섭, 물아,

물년, 물서, 물책, 물풍 [7, 976].

Сондай-ақ корей тілінде де қазақ тіліндегідей бір сөйлемде екі болымсыздық сөздері қосылып, болымды мағынаны береді. *너는 학교에 가지 않으면 안 된다.* – Сенің мектепке бармауыңа болмайды (баруың керек). *나는 결코 인간이 악한 존재가 아니라고 생각한 적이 없다고 말할 수 없다.* – Мен адамзат – зұлым тіршілік иесі деп мүлдем ойламадым деп айта алмаймын.

Егер қазақ тілінің түркі тілдер тобына жататындығын ескерсек, онда корей тілімен туысқан тілдер екені белгілі. Бұл орайда осы тілдердің жекелеген фрагменттері мен формаларын салыстыру өте маңызды. Егер тілдің күрделі біртұтас жүйе екенін ескерсек, онда олардың нақты тілдік элементтерін біртіндеп қарастырмай тұтасымен салыстыра зерттеу қиынға соғады. Мысалы, корей тілі мен қазақ тілінің етістіктерінің қолдану аясы кең. Етістіктің грамматикалық мағынасын, түрлері мен құрамын сатылап зерттеу олардың ерекшеліктері мен ұқсастықтарын анықтайды.

Салыстырылып отырған екі тілдің етістіктерінің ұқсас жақтары өте көп.

#### Әдебиеттер

1. Қазіргі қазақ тілі (лексика, фонетика, грамматика).
2. Хангуго мунбоп 1. Соул: Кхомюникей-шёнбуксы, 2005.
3. 국어문법론, 대한 교과서 주식회사, 1992;
4. 서정수(1996). “국어문법”. 한양대학교 출판원.

Г.К. Шатекова

#### Сопоставительный анализ положительных и отрицательных форм глагола корейского и казахского языков и методы перевода

В статье анализируются принципы сопоставления положительных и отрицательных форм глагола корейского и казахского языков. Выделяются схожие и отличительные черты, а также рассматриваются методы перевода положительных и отрицательных форм глагола с одного языка на другой.

G. K. Shatekova

#### Comparative analysis of positive and negative forms of verbs in korean and kazakhstan languages and methods of translation

This article's purpose is that comparatives positive and negative forms of verbs of Korean and Kazakhstan languages. Also it would find out the methods translation of positive and negative forms of verbs for one language into another. Trough this article we could understand the differences and similarity verbs of both languages.

**МАЗМҰНЫ      СОДЕРЖАНИЕ      CONTENTS**

	<b>1-бөлім</b>	<b>Раздел 1</b>	<b>Section 1</b>
	<b>Тарих</b>	<b>История</b>	<b>History</b>
<b>Ақтаулова Б.Ж.</b> 2011 ж. Қазақстанның ИЫҰ СІМК-дегі төрағалығы және араб-ислам әлеміндегі өзекті оқиғалар .....			3
<b>Ақтаулова Б.Ж.</b> Появление нетрадиционных исламских течений в Казахстане .....			8
<b>Амирова Г.А.</b> ҚХР-дың Орталық Азиядағы қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қатысты бағыттары .....			12
<b>Базарқұлова Б.К.</b> Иран Ислам Республикасының аймақтық саясатындағы араб монархиялары (Ә.Ә. Хашеми-Рафсанджани кезеңі) .....			17
<b>Жақубаева С.Т.</b> 1978-1979 жж. Ислам революциясы және Иранның әлеуметтік-саяси дамуы .....			22
<b>Ем Наталья</b> Факторы выбора брачного партнера: теория и практика на примере зарубежных корейцев во 2-й половине XX века .....			27
<b>Ермек</b> Қазақстан мен Қытайдың мәдениет саласындағы ынтымақтастық мәселелері .....			33
<b>Исхақзаде М.</b> Основные черты мусульманской экзегетики .....			39
<b>Кабульдинов З.Е.</b> Политика выдавливания казахов из внутренней части пограничной линии Оренбургского края во второй четверти XIX века .....			43
<b>Кенесбекова К.К.</b> Взаимоотношения Республики Казахстан с Китаем на примере СУАР .....			49
<b>Момынқұлов Ж.Б.</b> Сириядағы қазіргі жағдай (2012 жылдың қаңтары-наурыз) .....			54
<b>Муслихабади Ф. М.</b> Основные аспекты сбалансированного подхода в исламском рационализме .....			58
<b>Мустафина Р.М.</b> Ретроспективный этнографический обзор религиозной жизни в Казахстане (по материалам этнографического исследования Карагандинской области и г. Павлодар) .....			62
<b>Мустафина Р.М.</b> Мечети и медресе в Северном Казахстане в конце XX – начале XXI вв. ....			66
<b>Мямешева Г.Х., Давыдова И.В.</b> Современные электронные СМИ и арабская весна – 2011 .....			70
<b>Надинова Г.Е.</b> Движение исламского возрождения в XX-XXI веке: политические и экономические аспекты .....			75
<b>Nurseitova L.D.</b> Economic situation in North Africa .....			80

<b>Нурсейтова Л.Д.</b> Женщины в современном японском обществе.....	84
<b>Таджикова К.Х.</b> О трактате Абу Насра аль-Фараби «Доказательство» .....	88
<b>Таубалдиева Д.С., Акметбекова Г.Т.</b> Үнді тәжірибесі: энергетикалық «коридорларының» мүмкіндіктері.....	92
<b>Таубалдиева Д.С., Әліпбаева Б.А.</b> Үндістандағы қасталық жүйеге құқықтық норма жүйесінің әсері .....	95
<b>2-бөлім</b>	<b>Раздел 2</b>
<b>Филология</b>	<b>Филология</b>
<b>Section 2</b>	<b>Philology</b>
<b>Абдурақын Н.</b> XX ғасырдың басындағы қытай әдеби революциясы .....	99
<b>Асыл М.Б.</b> Негізгі конфуцийшілдік категорияларды түсінудің заңдылықтары («Лунь юй» еңбегі негізінде).....	104
<b>Аубакирова Қ.Қ.</b> Қазіргі араб әдебиетіндегі ғылыми фантастика .....	110
<b>Гейбатов Г.Г.</b> Бабу-л-харф в труде Джамаледдина Мухаммеда ибн Аабдулгани аль-Ардебили «Шарху-Л-Унмузадж Фи-Н-Нахв» .....	115
<b>Жиекбаева А.Б.</b> Қоғамдық ғылымдар терминологиясындағы араб, парсы сөздері .....	119
<b>Ибрашева Д.К.</b> Влияние миграции на развитие диалектов китайского языка.....	125
<b>Қансейітова Э.Ж.</b> Ж. Зейдан тарихи романдарын сюжеттік-тақырыптық тұрғыдан жүйелеу .....	130
<b>Маемерова А.Р.</b> Қазақ және түрік тілдеріндегі көптік ұғым және сан-мөлшер категориясы .....	135
<b>Надинова Г.Е., Алибаева Ж.</b> Арабская научная терминология: проблема перевода.....	141
<b>Токқарина А.</b> Кілт – иероглифтің маңызды бөлігі.....	145
<b>Оразалиева Ә.</b> Араб және қазақ әдебіндегі діни-мәдени аспектілер .....	150
<b>Шарифов К.</b> Влияние войны 1967 года на творчество Низара Габбани.....	154
<b>Шатекова Г.Қ.</b> Қазақ тілі мен корей тіліндегі етістіктің болымды және болымсыз түрлерінің салыстырмалы сипаттамасы мен аудару тәсілдері.....	158
<b>Авторлар туралы мәлімет</b> .....	162